

ҮНДІСТАН- БАНГЛАДЕШ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР АСТАРЛАРЫ

Еуразиялық алқақтың оңтүстік жарты аралдарының бөліктерінен құралған, жағрапиялық жағынан өте жинақы, Үнді мұхитының аралдарымен түйісіп жатқан Оңтүстік Азия аймағы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде елеулі орынға ие. Жалпы Оңтүстік Азия аймағы – Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Непал, Шри-Ланка, Бутан және Мальдива аралдарын біріктіреді.

Оңтүстік Азия мемлекеттері бірқатар ортақ мәдени-өркениеттілік құндылықтарына ие. Оңтүстік Азия елдері тағдырлас болып келеді, өйткені олардың өткен тарихы ағылшындық отарлау саясатын бастан кешірді. Бұл өз кезегінде олардың арасындағы байланыстылықты нығайта түскен болатын.

Аймақ елдерінің ішінде тек Үндістан мемлекеті ғана өзінің геостратегиялық орналасуына орай аймақтағы барлық елдермен құрлық аралық немесе теңіз аралық шекараға ие екендігін білеміз. Сонымен бірге Үндістанның аймақтағы басымдылығына оның Оңтүстік Азия аумағының 73,4% алып жатқандығы, аймақ халқының 76,5% шоғырланғандығы, осы аймақта өндірілетін жалпы ұлттық өнімнің 80% жуығы тиесілі болуы куә [1].

Осы басымдылығы да Үндістан еліне бүкіл Оңтүстік-Азиялық аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өкілеттілік бергендей. Соның негізінде Үндістан елі аймақтағы өзінің басымдылық қалпын нығайта түсуге ұмтылуда.

Аймақтық өзекті мәселелер туындай қалса, үнді билігі сырт күштердің, әсіресе жетекші мемлекеттердің араласуына үзілді-кесілді қарсылық танытумен келеді. Оның басты мәні, үнділік саясаткерлердің пікірінше, екіжақты қатынастарда туындайтын даулы мәселелерді шешу үшін оны халықаралық алаңға шығарып, сырт күштердің көмегіне сену, бейбіт саяси реттеуді, аймақтық қауіпсіздікті нығайтуды тек шиеленістіре түседі. Ал Үндістан елінің көршілері сырт күштердің араласуынан ешқандай қауіп күтпейтіндіктерін білдіреді.

Жалпы аймақтағы көршілес мемлекеттердің ішкі саяси ахуалы олардың Үндістанмен қарым-қатынастарына елеулі әсер етуде. Егер Үндістанның Непал мен Бутан арасындағы қарым-қатынастары әлдеқайда тұрақты болып келген болса, оның Бангладешпен қатынасын біргелкі болды деп айту қиын. Әрине, оның өзіндік себебі де жеткілікті. Бұл жерде, ең алдымен,